

**Т. Саламатов, 2-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Ө. А. Тұраанов, қылмыстық құқық және**  
**криминология кафедрасының аға оқытушысы**  
**(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨЛІМ ЖАЗАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Өлім жазасы тақырыбы жүздеген жылдар бойы бүкіл әлем халқын толғандырып келуде. «Қанға-қан, жанға-жан» деген қанды кек қағидасы бойынша жазалау, қорқыту — бүгінгі таңда өлім жазасына кесу туралы үкімдердің пайдасына айтылып келе жатқан дәлел болып тұр. Енді сол үкімдердің қаншалықты тиімді екенін және алдын-алу шарасы ретінде өзін-өзі қаншалықты ақтайтынын қарастырайық. Бәрінен бұрын, кінәсіз адамды өлім жазасына кесу қаупі әр кезде де болғанын есте сақтаған жөн. Әлемде қылмыстық сот ісін жүргізудің әбден

жетілдірілген жүйесі жоқ және олардың ешбірі де, заңдарда қарастырылған процедуралық кепілдіктердің санына қарамастан, білместікпен немесе әдейі жасалған қателерден сақтандырылмаған. Қателік жасау, соның ішінде орны толмас қателік жасап, кінәсіз адамды өлім жазасына кесу — бүгінгі күннің ащы шындығына айналып отыр.

1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде бейбіт уақытта ерекше ауыр жағдайларда қасақана кісі өлтіргендерді өлім жазасына кесу көзделген болатын. Кейін өлім жазасына мораторий жариялануына орай ауыр қылмыс түрлеріне қолданылатын жазаны басқа жазалармен алмастырды.

Нақтырақ айтатын болсақ, 2003 жылғы 17 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев елде өлім жазасына мораторий жариялау туралы Жарлыққа қол қойды. Мораторий жарияланған кезде кейбір мамандар «бұл жарлық жазаның осы түрін Қылмыстық кодекстен біржолата алып тастаудың алғашқы қадамы болуы керек» деген, «егер елдегі қылмыстық ахуал тым ушығып кетсе, бұл жарлықтың күші жойылып, Қазақстанда өлім жазасы қайтадан қолданыла бастауы мүмкін» деген де пікірлер айтылып жатты.

Қазақстан президентінің жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия ел билігіне 2003 жылдан бері моратория жарияланған өлім жазасынан біржолата жою туралы ұсыныста жасаған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне 2009 жылдың 10 шілдесінде енгізілген өзгертулерге сәйкес, өлім жазасы бірнеше ғана қылмыс түріне лайық белгіленген. Атап айтқанда, ату жазасы адамдардың қаза болуына ұштасқан террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар үшін ең ауыр жаза ретінде өлім жазасы белгіленеді.

Осы жерде айта кетер жайт, жарлық күшіне енбес бұрын халық арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар нәтижесі бойынша еліміздегі азаматтардың басым бөлігі елде өлім жазасын алып тастауға әлі ерте деп санайтынын жеткізген. Сондықтан өлім жазасын біржолата алып тастаудан гөрі өлім жазасын орындауды мерзімсіз уақытқа дейін тоқтата тұру туралы шешім қабылданған еді. Алайда мамандар еліміздің ішкі жағдайында педофилдердің көбейіп кетуі мен сыртқы жағдайда әлем бойынша терроризм қаупінің күшеюіне орай өлім жазасын қалдыру қажет деген пікір айтқан. Мамандардың бұл ұсынысын біз де мақұлдаймыз.

Біз қатыгез қылмыстың өтеуі өлім жазасы деп білеміз. Сондықтан өлім жазасын қолдаймыз. Қоғамда тәртіп орнауы үшін өлім жазасы қолданылуы қажет. Себебі, қоғамымыздағы қалыптасып отырған қылмыстық ахуалға орай осы мораторийді алып тастап, қайтадан өлім жазасын қолдана бастасақ, дұрыс болар еді. Өлім жазасын адамды тонау мақсатында қасақана өлтірген қылмыскерлерге, педофилдерге, террористерге қолдануды біз жөн көреміз. Өйткені біздің елімізде енді ғана етек жайып келе жатқан террористік әрекеттер салдарынан жүздеген адамдар мерт болуы мүмкін. Сол себепті мұндай қылмыстар үшін өлім жазасын ойланбастан қолдану керек деп есептейміз.

Жалпы мораторийді алып тастау мәселесіне мұқият болу керек. Ал қоғамға қауіп төндіріп отырған қылмыс түрлеріне қарай өлім жазасын қолдану туралы мәселені қайта қарау артықтық етпейді. Осы орайда жекелеген қылмыс түрлеріне өлім жазасын қалдыру қажет деп есептейміз.

Өлім жазасының қолданылу аясын одан әрі тарылтуда жасалатын келесі маңызды қадам — ол өмір бойы бас бостандығынан айыруды практика жүзінде енгізу болатын. Тек осы жаза ғана өлім жазасының шын мәніндегі баламасы бола алатын еді. Судьялар бас бостандығынан айырудың жаңа, одан да ұзақ мерзімдеріне көңіл аудары бастады. Осыдан келіп, өмір бойы қамауда ұстау институтының пайда болуы өлім жазасына кескен үкімдер шығарылатын жағдайларды мейлінше азайтады, ал бұл болса өлім жазасынан толықтай бас тартудың алғышартын жасайды деп пайымдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар өлім жазасының баламасы ретінде өмір бойы қамауда ұстауды енгізу туралы мәселені талқылай отырып, сотталғандар үшін, жағдайы нашар түрмеде ұзақ уақыт қамауда жатқаннан гөрі, өлім жазасы артығырақ деген екі ұдай пікірлерді де еңсеруге тура келді. Мұндай пікірлер өлім жазасы секілді өмір бойы тұтқындау да мейлінше үрейленді-

ретінін дәлелдейді. Егер тұтқындалғандар өздері ұсталатын жағдайдан гөрі өлім жазасын артығырақ деп тапса, онда бұл «ешкімді қинауға немесе адамгершілікке жатпайтын және абыройын түсіретін қарым-қатынас жасауға немесе жазалауға болмайды» делінетін халықаралық міндеттемелер мен ұлттық заңнама нормалары сақталмауынан айғақ береді.